

2026-2028 жылдарға арналған Жаңақоныс ауылдық округ бюджетін бекіту туралы

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 566 шешімі

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 91-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жаңақоныс ауылдық округінің 2026-2028 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2026 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 49113,0 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 8537,3 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 8,0 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 380,7 мың теңге;
 - трансферттердің түсімдері – 40187,0 мың теңге;
- 2) шығындар – 49807,3 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер – 0 теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:
 - қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;
 - қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -694,3 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 694,3 мың теңге, оның ішінде:
 - қарыздар түсімдері – 0 теңге;
 - қарыздарды өтеу – 0 теңге;
 - бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 694,3 мың теңге.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 22.05.2026 № 650 шешімімен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Ауылдық округ бюджетінің кірісіне мыналар есептелетін болып ескерілсін:

салықтық түсімдер бойынша:

табыс салығы, оның ішінде жеке табыс салығы;

меншікке салынатын салықтар, оның ішінде:

мүлікке салынатын салықтар;

жер салығы;

бірыңғай жер салығы;

көлік құралдарына салынатын салықтар;

тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар, оның ішінде табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер;

салықтық емес түсімдер бойынша:

аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салатын айыппұлдар;

жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрдегі алымдары;

мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер, оның ішінде аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінің (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінің) мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер, оның ішінде:

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін түсімдер;

жерді сату, оның ішінде жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

материалдық емес активтерді сату, оның ішінде жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлемақы.

3. Қазақстан Республикасының "2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 7-бабына сәйкес, 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 85 000 теңге;

2) айлық есептік көрсеткіш – 4 325 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы - 50 851 теңге.

4. 2026 жылға арналған ауылдық округ бюджетіне аудандық бюджеттен 40187,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферт түскені ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансферт сомасын бөлу Жаңақоныс ауылдық округ әкімінің шешімі негізінде айқындалады.

Ескерту. 4 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 22.05.2026 № 650 шешімімен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

5. 2026 жылға арналған Жаңақоныс ауылдық округ бюджетін атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі, 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

6. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық
мәслихатының
2025 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 566 шешіміне 1-қосымша

2026 жылға арналған Жаңақоныс ауылдық округ бюджеті

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 22.05.2026 № 650 шешімімен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты		Сыныбы		Сомасы, мың теңге
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
			I. Кірістер	49113,0
1			Салықтық түсімдер	8537,3
	01		Табыс салығы	1400,0
		2	Жеке табыс салығы	1400,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	5137,3
		1	Мүлікке салынатын салықтар	18,0
		4	Көлік құралы салығы	4876,9
		5	Бірыңғай жер салығы	242,4
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	2000,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2000,0
2			Салықтық емес түсімдер	8,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	8,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	8,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	380,7
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	380,7
		2	Материалдық емес активтерді сату	380,7
5			Трансферттердің түсімдері	40187,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	40187,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	40187,0
II. Шығындар				49807,3
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік	45143,4

				көрсетілетін қызметтер	
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	45143,4
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	45143,4
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	44738,4
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	405,0
05				Денсаулық сақтау	22,0
	9			Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	22,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	22,0
			002	Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық	22,0

				сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру	
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	3341,0
	3			Елді-мекендерді көркейту	3341,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3341,0
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2000,0
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	600,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	741,0
12				Көлік және коммуникация	1300,0
	1			Автомобиль көлігі	1300,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1300,0
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1300,0
15				Трансферттер	0,9
	1			Трансферттер	0,9

		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,9
			048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,9
				III. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-694,3
				IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	694,3
9				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	694,3
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	694,3
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	694,3

Шалқар аудандық
мәслихатының
2025 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 566 шешіміне 2-қосымша

2027 жылға арналған Жаңақоныс ауылдық округ бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		Атауы	
		Ішкі сыныбым		
			I. Кірістер	49504,0
1			Салықтық түсімдер	8618,0
	01		Табыс салығы	1600,0
		2	Жеке табыс салығы	1600,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	5018,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	18,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	5000,0

	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	2000,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2000,0
2			Салықтық емес түсімдер	8,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	8,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	8,0
4			Трансферттердің түсімдері	40878,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	40878,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	40878,0
II. Шығындар				49504,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	45130,0
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	45130,0
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	45130,0
			001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	45130,0
05			Денсаулық сақтау	33,0
	9		Денсаулық сақтау саласындағы	33,0

			өзге де қызметтер	
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	33,0
			002 Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру	33,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	3341,0
	3		Елді-мекендерді көркейту	3341,0
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3341,0
			008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2000,0
			009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	600,0
			011 Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	741,0
12			Көлік және коммуникация	1000,0
	1		Автомобиль көлігі	1000,0
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент,	1000,0

			ауылдық округ әкімінің аппараты	
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1000,0
			III. Бюджет тапшылығы (профициті)	(0,0
			IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(0,0

Шалқар аудандық
мәслихатының
2025 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 566 шешіміне 3-қосымша

2028 жылға арналған Жаңақоныс ауылдық округ бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		Атауы	
		Ішкі сыныбы		
			I. Кірістер	49687,0
1			Салықтық түсімдер	9018,0
	01		Табыс салығы	1800,0
		2	Жеке табыс салығы	1800,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	5218,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	18,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	5200,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	2000,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2000,0
2			Салықтық емес түсімдер	8,0

	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	8,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	8,0
4			Трансферттердің түсімдері	40661,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	40661,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	40661,0
II. Шығындар				49687,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	45346,0
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	45346,0
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	45346,0
			001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	45346,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	3341,0
	3		Елді-мекендерді көркейту	3341,0
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3341,0

			008	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2000,0
			009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	600,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру м е н көгалдандыру	741,0
12				Көлік және коммуникация	1000,0
	1			Автомобиль көлігі	1000,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1000,0
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1000,0
				III. Бюджет тапшылығы (профициті)	0,0
				IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0,0

Шалқар аудандық
мәслихатының
2025 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 566 шешіміне 4-қосымша

2026 жылға арналған Жаңақоныс ауылдық округ бюджетін атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі

Функционалдық топ	

	Кіші функция			
		Әкімші		
			Бағдарлама	
				Атауы
05				Денсаулық сақтау
	9			Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты
			002	Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ